



МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

№3 Қараша-желтоқсан, 2011 жыл



«Жүрген жанның артында ізі қалар,
Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар»
М.ЖҰМАБАЕВ



Қазақстан
Республикасының
тұңғыш президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы
Назарбаев:
«Тәуелсіздіктің
20 жылдық тойы –
тойлау үшін емес,
тағылым алу үшін
керек»

Мағжан мектебінің тарихи тізбесі:

- ❖ 1991 жылы 1296 оқушыға арнайы салынды.
- ❖ 1993 жылы «Шолпан би» ансамблі құрылды.
- ❖ 1995 жылы тереңдетілген математикалық сыныптар ашылды.
- ❖ 1996 жылы 9 сәуірде мектепке Мағжан Жұмабаев есімі берілді.
- ❖ 1996 жылы тереңдетілген қоғамдық-гуманитарлық сыныптар ашылды.
- ❖ 2004 жылы 23 тамызда бағдарлы педагогикалық мектеп мәртебесі берілді.
- ❖ 2005 жылы педагогикалық бағдарлы мектеп эксперименттен өтті.
- ❖ 2005 жылы 15 тамызда элитарлық мектеп-гимназия мәртебесі берілді.
- ❖ 2002-2005 жылдары Республикадағы үздік 100 мектептер қатарына енді.
- ❖ 2006 жылы мектеп-гимназия мәртебесі берілді.
- ❖ 2010 жылы гимназия мәртебесі берілді.

Тәуелсіздік – бұл біздің ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қостық.

20 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз.

Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша.

Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.

Әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды.

Осындай зайырлы, бейбіт елде тұрып жатқан біздер ата – бабамыздың алаңсыз ұрпақтарымыз.

Бейбітшілігіміз баянды болсын!!!



20 жылдық
мерейтой
құтты болсын!!!





ШАҢЫРАҒЫҢ БИІК БОЛСЫН ҰЛТТЫҚ ҮРДІСТІҢ ҮЛГІЛІ ОШАҒЫ

**Мабиева Гүлшара Нұрғалиқызы –
гимназия менеджері.**

1991-2007 жылдар аралығында
М.Жұмабаев атындағы №39 гимназияның
директоры. ҚР Білім Беру ісінің үздігі.
Тәжірибесі мол, шығармашыл ұстаз.
Ақылшы әрі білікті басшы.



Әр адамның жүріп өткен жолының соңынан да із қалады. Қазіргі таңда облыс көлемінде үлгілі болып, қашан да алдыңғы қатардан көрініп жүрген Мағжан Жұмабаев атындағы №39 гимназия осы күнге дейін қилы күндерді басынан өткерген. Біз «Мектеп тынысы» газетіміздің бұл санын мектептің өнегелі тарихына, өткен өміріне арнағалы отырмыз. Ал Мағжан атындағы мектептің әр тынысын алғашқы, яғни тұңғыш директоры Мабиева Гүлшара Нұрғалиқызынсыз елестету мүмкін емес. Ендеше, оқырманға Гүлшара апайдың мектеп тарихына тоқталған сұхбатын ұсынамыз.



Тәуелсіздікпен төл мектебіміз қиын жылдарда ашылды десек те, ол жылдар елімізге бақыт әкелген жылдар болды. Себебі еліміз егеменді ел болды, өз тілімізге, өз дінімізге қолымыз жетті. Ата Заңымыз жарық көрді, рәміздерімізді иелендік, ұлттық теңгемізге қол жеткіздік. 1991 жылы ең алғаш 1 қыркүйекте қоңырау соғылып, ашылу салтанаты болды. Аралас мектеп болып ашылған мектепті қазақшалаңдыру, оқушыларды ұлттық мәдениет негізінде тәрбие беру оңайға соқпағаны анық. Саз мектебінің филиалын ашып, ұлттық би үйірмесін құрып, М.Жұмабаевтың есімін алып, мектепті үлгілі гимназияға айналдыру жолында біздің педагогикалық ұжым қиыншылыққа қарамастан көптеген жұмыстар атқарды. Мектебіміз М.Жұмабаевтың атын алмастан бүкіл орыс, қазақ мұғалімдеріне ақын, педагог, қоғам қайраткері М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстырдық. Жыл сайын Мағжанның өлеңдерін мәнерлеп оқу сайыстарын өткіздік, Мағжанның өлеңдеріне жазылған әндер сайысын, «Менің Мағжаным» тақырыбына қысқа шығарма, эсселер сайысын және оқушылардың Мағжан атасына арнап өздерінің шығарған өлеңдерінің сайысы өткізіп отырдық. Сонымен қоса, мектепте Мағжан оқулары, драма үйірмесінің Мағжанның шығармалары бойынша қойылымдарын сахнада көрсету, тағы басқа қызықты іс – шаралар өткізілді.





ШАҢЫРАҒЫҢ БИІК БОЛСЫН ҰЛТТЫҚ ҮРДІСТІҢ ҮЛГІЛІ ОШАҒЫ

Әдістемелік кеңестің басшылығымен мектепте үнемі мұғалімдер үшін әдістемелік аукциондар, панорамалық сабақтардың конкурстары, тәжірибе бөлісу апталықтары өткізілді.

Жыл да тәжірибелі мұғалімдердің есебі аудан, қала, облыс көлемінде тыңдалды да, әдістемелік журналдарда жарық көрді.

1997 жылы 27 қазақ, 27 орыс сыныбы болды, содан кейін орыс сыныптарының саны күрт қысқарды, себебі оқып жатқан орыс сыныптары бітіріп кетіп жатты, ал 1 - сыныпқа және басқа орыс сыныптарына бала қабылдамадық.



Мектепте жыл сайын «Жыл мұғалімі», «Жыл сынып жетекшісі», «Ең мәдениетті оқушы» конкурстары өткізілді. Оқу жылының аяғында «Үздіктер шеруін» өткіздік. Бұл іс - шаралар осы уақытқа дейін өзінің жалғасын тауып келеді.



«Жыл мұғалімі», «Жыл сынып жетекшісі» байқауының жүзден жүйрік шыққан ұстаздары 1999-2000, 2001-2002 жылдар

Тәуелсіздік және Мағжан мектебі

Биыл Мағжан атындағы мектебімізге жиырма жыл. Бұл мереке Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына жиырма жыл толуымен тұспа – тұс келіп отыр. Менің бұл мектепте білім алып жатқанымға тоғыз жыл болыпты. Осы тоғыз жыл ішінде мектебімізде небір өзгерістер болды. Бұл өзгерістер көңілімізге көтеріңкі күй сыйлап, осындай ұядан қанаттанып ұшарымызға қуанамыз.

Мағжан мектебінің тұңғыш директоры Мабиева Гүлшара Нұрғалиқызы, өзінің мектеп жайындағы мақаласында: «1991 – 1992 жылдары мектепте алпыс сынып, соның ішінде елу бір орыс және қазақ сыныптары ашылды. Уақыт өте келе, яғни 2000 жылы мектебіміз толық қазақ мектебі болып жарияланды. Көптеген қобыз, домбыра ойнауды оқытатын үйірмелер ашылды. Ең басты оқиғалардың бірі 1993 жылдың басында мектепте би үйірмесінің ашылуы болды. Ол би үйірмесіне «Шолпан» аты берілді. Ал, 1996 жылы мектептік мұражай жинақтала бастап, 2001 жылы ресми түрде ашылды», - деп жазған екен.

Мағжан Жұмабаев атындағы №39 гимназиясының жиырма жылдық жылнамасы тәуелсіз Қазақстан Республикасының ғұмырнамасымен қатарласа көркейіп келеді...



**Самал ТҰРЫСБЕКОВА ,
9 «б» сынып оқушысы**



1999-2000 ЖЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ «БОЛАШАҚ» ҰЙЫМЫНА САЛТАНАТТЫ ҚАБЫЛДАУ



1999-2000 оқу жылында оқушыларды «Болашақ» ұйымына қабылдау ұйымдастырылды. Ұйымға қабылданған оқушылар Мұғалімдер мерекесі қарсаңында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, «Болашақ парламентін» құрып, «Сапта жүріп ән шырқау» байқауларын өткізіп отырды.

Бұл үрдіс осы күнге дейін өз жалғасын тауып келеді.

Мектепте 1998 жылы ата-аналар үшін «Шырақ» ағарту университеті ашылды. Оның ректоры болып ең алғаш Кошикова Мағрипа Балтабаевна тағайындалды.

«Шырақ» ағарту университетінің жұмысы ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында ұйымдастырылғандықтан, бірінші үш жыл бойы ата-аналар үшін «Мағжантану» курсы өткізіліп, жыл аяғында куәлік тапсырылды. Рефлексия қорытындысынан ата-аналарға өткізген курстың қажеттілігі анықталды.

Қазіргі таңда дәстүрге айналған мектеп жұмыстарының ішінде шоқтығы биік «Шырақ» ағарту университетінің жұмысы жыл санап салмақтыланып келеді. Кошикова Мағрипа Балтабаевнадан кейін тізгінді өз қолдарына алып, Бикен Қалымқұловна, Қымбат Дәуітбековналар жалғастырды.

Бүгінде Жыланбаева Қаламқас Нығметовна басшылық етіп отырған «Шырақ» ағарту университеті жұмысы-Мағжан гимназиясының тағы бір дәстүрлі ісінің бірі...





**2004-2005
оқушылардың
ғылыми қоғамы
құрылып,
Сатыбалдина Зәуреш
Төлеухановна осы
жолда қажырлы
еңбек атқарды.**

Оқушылардың ғылыми қоғамдық отырыстарында ғылыми проектiлер, шығармашылық баяндамалары тыңдалып, кейiн кiшi ғылым академиясында, облыстық, республикалық «Дарын» байқауына қатысып, жүлделi орындарға қол жеткiзiп тұрды.



2006 жылы облыс көлемінде, барлық қазақ мектептерінің оқушыларының қатысуымен ғалымдар, қазақ тілі қоғамдарының белсенді қызметкерлердің қатысуымен «Мағжан тағылымы – I» ғылыми – практикалық конференция өтті.

Бұл іс – шараның құрметті қонағы болып Жұмабаева Райхан Қалижановна Алматыдан арнайы келді. Нәтижесінде «Мағжан тағылымы – I» атты үлкен жинақ жарық көрді. Мектеп ішінде мектепiшiлiк «Iлiм» және «Арна» газеттерi шығып тұрды. Қазiргi уақытта бұл газет «Мектеп тынысы» айдарымен жарық көруде.

Бiрiншi редакторлары: Оспанова Г.Х, Мухарова Л.Б, Муксинова А.М және М.Альжанова болды. Мектеп күнi – Мағжан күнi аталып, оқушылар арасында «Мен жастарға сенемiн атты» танымдық сайыстар өтiп тұрады.



Мағжан мектебі өз түлектерін мақтан етеді. Себебі олар қазіргі кезде түрлі салада қызмет істеп жатыр.

Жоғарғы білімді, екі тілді толық меңгерген, тәрбиелі, парасатты тұлға тәрбиелеп шығарған М.Жұмабаев атындағы гимназияның келешегі баянды болады деп сенемін!



Абюрова Айнұр
Жетекшісі:
Кошикова М.Б
Жас зерттеуші
3-сынып оқушысы



Гүлшара Нұрғалиқызы



ӘЛЕМГЕ ҚАЗАҚ БИІН ПАШ ЕТКЕН «ШОЛПАН»

кеше...

**1993 ЖЫЛЫ АЛҒАШ «ШОЛПАН БИ»
АНСАМБЛІ ҚҰРЫЛДЫ**



«Шолпан» Н.Ә.Назарбаев
Сара Алпысқызымен



Алғашқы «Шолпан»
ұжымы мен
Гүлшара Нұрғалиқызы



Қарағандыға Елбасы келгенде
«Шахтер» стадионы 2005 жыл

1991 жылы Болат Аюхановтың шәкірті

Әділ атты мұғалім бірінші би үйірмесін ашты.

1993 жылы мектепте Омарова Гулнара Меңдібаевна келіп,

сол жылы «Шолпан» би ансамблі құрылды. Алғаш құрылған күннен би ұжымы ата-аналармен тығыз жұмыс жасай отырып, киімдеріне дейін өздері тігіп, биік белестерді бағындырып, бүгінгі деңгейіне жетті.

**«Білім саласына қызмет еткеннің бәрі
Қазақстанның болашағына қызмет етеді» Н.Ә.Назарбаев**

бүгін...



**«Шолпан би ансамблінің» жетекшісі
ОМАРОВА ГҮЛНАРА МЕНДІБАЕВНА**

-өз ісінің майталманы. Өзгеден өзіндік нақышының ерекшелігімен дара шапқан қайсар жан. Қойылымдарының сырының тереңдігі - көрген жанды сезім тұңғығына батыратын би өнерінің хас шебері. Білім беру ісінің үздігі,

ҚР президенті алғыс хатының иегері, облыс, қала әкімінің алғысымен марапатталған. Ы.Алтынсарин атындағы медальдің, «Үздік хореограф» белгісінің иегері.



ЖҰЛДЫЗЫҢ ЖАРҚЫРАЙ БЕРСІН ШОЛПАНЫМ



250-ДЕН АСА МҮШЕСІ БАР

«ШОЛПАН БИ АНСАМБЛІНІҢ» ҚОРЖЫНЫНДА ОСЫ КҮНІ

2 АЛТЫН МЕДАЛЬ, 13 ГРАН-ПРИ, 18 БАС ЖҮЛДЕ

(РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ) ҚАТАР ТҮЗЕГЕН.

ҚАЗАҚ БИИ БАР ӘЛЕМГЕ НАСИХАТТАП ЖҮРГЕН БҰЛ ҰЖЫМ

2000-2005 ЖЫЛЫ ТҮРКИЯНЫҢ СТАМБУЛ, ИЗМИР ҚАЛАЛАРЫНДА,

2001 ЖЫЛЫ БАЛГАРИЯНЫҢ ОБЗОР ҚАЛАСЫНДА,

2003 ЖЫЛЫ ЛАТВИЯДА,

2005 ЖЫЛЫ КОРЕЙ ЕЛІНІҢ СЕУЛ ҚАЛАСЫНДА,

2006 ЖЫЛЫ ИСПАНИЯДА,

2007 ЖЫЛЫ МОЛДОВАНЫҢ КИШИНЕУ ҚАЛАСЫНДА, УКРАИНАДА,

2008 ЖЫЛЫ ФРАНЦИЯДА,

2009 ЖЫЛЫ АЗЕРБАЙДЖАННЫҢ БАКУ ҚАЛАСЫНДА,

2010 ЖЫЛЫ ИТАЛИЯДА ӨНЕР КӨРСЕТКЕН.



ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУ ЕТЕР ЖАЛҒЫЗ КИЕМ



Қазақстан республикасының тәуелсіздігі мен Мағжан мектебінің 20 жылдығына орай гимназиямызда түрлі шаралар, сайыстар өткізілуде. Жарыс жүлдегерлерін салтанатты жиында марапаттау сәті жүргізілді. Жеңімпаздарды гимназиямыздың директоры **Базыл Жанкелді Сағынтайұлы** құттықтады.



Мектеп директоры Мағжан шығармаларының құндылығын, тәрбиелік мәнін насихаттау, ақпараттық технологияны пайдалану арқылы дамыту мақсатымен **2011 жылы 2 желтоқсанда «Мағжан тағылымы - II»** аймақтық ғылыми-практикалық конференция өтетіндігін хабарлады. Гимназия ұжымына шығармашылық табыс, жоғары жетістік тілеп, 20 жылдық тарихы бар гимназия ұжымын алдағы үлкен тойға бір адамдай атсалысып, елеулі үлес қосуға шақырды.

Жарыстан оза шауып келген тұлпарлардың туындылары

«ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАЗАҚТЫҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ» АТТЫ ШЫҒАРМАЛАР САЙЫСЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

I ОРЫН 9 «А» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ АУҚАТОВ ҚАНАТ
II ОРЫН 11 «А» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ АМАНБЕКОВА ДАРИНА
II ОРЫН 8 «А» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ЗӘРУБАЕВ ӘЛІШЕР
III ОРЫН 9 «Б» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ӘБДІРАХМАН ПЕРИЗАТ



Биыл алаш баласының рухын көтеріп, еңсесін тіктейтін, әр қазақты мақтаныш пен шаттыққа бөлейтін жыл. Тәуелсіздікке - 20жыл.

16 желтоқсан - азаттықтың ақ таңын атырған күн, тәу етер Тәуелсіздігіміздің ұлы тойы аталар күн, ел тарихында алтын әріптермен жазылатын күн.

Қазіргі қазақ жері татулықтың туын тігіп, ұлтаралық, дінаралық келісімнің әлем үлгі тұтатын айшықты мысалына айналып отыр. Қазақта «Бақ қайда барасың десе, ынтымаққа барамын» деген аталы сөз бар, расында да ынтымақтың арқасында бақ қонған мемлекет аз уақыт ішінде дүниені дүр сілкіндіріп, Қазақстан атты тарихы бай қонақжай және эканомикасы қарыштап дамып келе жатқан, болашағы жарқын мемлекеттің бар екеніне төрткүл дүниенің көзі әбден жетті.

Кең байтақ қазақ жерінің, сан ғасырлар бостандықты аңсатқан еліміздің егемендік алғанына 20жыл толып отыр. Кеше ғана бар әлемге тәуелсіздігімізді мойындатқан едік, бүгін орта Азиядағы дамыған мемлекеттердің алдыңғы қатарынан орын алып отырмыз. Кешке ғана Алматы қаласының Республика алаңында Желтоқсан қанды оқиғасы болған еді, бүгіндері халқымыз үшін жандарын пида еткен батырларымыздың дидары қазақ елінің тарихында мәңгі сөнбестей болып қалады. Еліміздің өсуімен қатар түлеп келе жатқан Мағжан Жұмабаев атындағы №39 гимназиямыз, алтын ұямыз шаңырақ көтергеніне де биыл 20 жыл. Бұл жылдарда ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктеріміз көп. Солардың бірі мектеп оқушыларының халықаралық білім олимпиадаларында әлемді мойындатып жоғарғы жетістіктерге жетуі. Бұл көрсеткіш жыл сайын сапа және сан жағынан да өсуде. Ал мектеп түлектері басқа мемлекет пен өз еліміздің жоғары оқу орындарында білім алып жатыр. Осы деңгейге жетуде мектебіміздің ардақты да, үлгі тұтар, өз істерін жетік меңгерген, мамандықтарының шеберлері ұстаздарымыздың арқасында. Біздің гимназиямыз тек білім жағынан ғана емес, қоғамдық жұмыстарға араласу жағынан да алғашқы орындарды алуда. Оған мысал, мектебімізде құрылған үлгілі «Шолпан» би ансамблі. Республикалық «Айгөлек» балалар байқауының 2 дүркін гран – при иегерлері. Бұған қоса әлемнің әйгілі сахналарында өнер көрсетіп, халқымыздың биін биіктен паш етуде. Осылайша біздің мектебіміз елімізге болашақтың тізгінін ұстайтын үлгілі шәкірттер тәрбиелеп өз үлесін аямай қосуда. Алдағы уақытта еліміздің және мектебіміздің гүлденуіне, әрі дамуына себепкер болғым келеді.

Қанат АУҚАТОВ,
9 «а» сынып оқушысы



Дарина АМАНБЕКОВА,
11 «а» сынып оқушысы

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУ ЕТЕР ЖАЛҒЫЗ КИЕМ



Бастауыш сыныптар арасында өткен шығармалар сайысының жүлдегерлері:



I ОРЫН 4 «А» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ БЕКЕШОВ ЕРЖАС
II ОРЫН 4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ САЯЖАНОВ ДИАС
III ОРЫН 4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ АРТЫҚБАЕВА ТОМИРИС

Қазақстаным өзіңмен мақтанамын,
Сенде тудым, бақыттан шаттанамын.
Жиырма жылдық тойыңда жүрегіммен,
Жырым мен тілегімді ақтарамын.
Мағжан ата мектебі ашылғалы,
Дәл жиырма жыл жайнапты жасыл бағы.
Үлкен той тойға ұласыпты баршамыз да,
Мәртебең асқақтауда басыңдағы.
Құтты болсын мерекен, мерей тойың,
Бейбітшілік халыққа берер тыным.
Тыныштықта, шаттықта көркейе бер,
Тек жақсылық болсыншы көрер күнің.

*Ержас БЕКЕШОВ,
4 «а» сынып оқушысы*



Биылғы жылы Қазақстанның тәуелсіздік алғанына жиырма жыл толып отыр. Біздің Қарағанды қаласында жақында коньки тебуге, хоккей ойнауға арналған жаңа спорт кешені ашылды. Оны елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келіп ашты. Біз «Шолпан би» ансамблі болып сол жерде би биледік. Осымен бірге биыл біздің мектепке де жиырма жыл толады. Мен оған өте қуаныштымын. Мектебімізге «Өркенін өссін!» деп тілеймін.

Тәуелсіздік еліміздің Күн, Айы,

Жанға қуат беретіндей ұдайы.

Еріміздің аталғанда есімі,

Еліміздің кіретіндей шырайы.

Елі сүйген енселім де, еркінім,

Аппақ таңнан дауысыңды естідім.

Тәуелсіздік – Назарбаев Нұрсұлтан,

Тұңғыш көкке көтерді ол ел туын.

*Томирис АРТЫҚБАЕВА,
4 «ә» сынып оқушысы*

Қазақ халқы өзінің ұлттық бостандығы мен егемендігі үшін 260-тан астам ұлт-азаттық қозғалысқа, көтеріліске шыққан. Соның соңғысы 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі.

Бек ұлдарымыз құл болып, пәк қыздарымыз күң болды. Тарихымыз табанға тапталды, елге тұтқа болған хан-сұлтандарымыз, билеріміз бен батырларымыз келеке-мазаққа айналды. Отаршылдық саясат бізді опасыздыққа итермеледі. Ол аз болғандай, Кеңес дәуірінде қазақ тарихы саясаттың ойнына айналды. Сана, руханият күйреді. Түптеп келгенде, бұл ұшы қиырсыз, қиян даланы түгел иемденудің амалы еді. Бірақ, қазақ халқы, екі жарым ғасырдан астам уақыт бойы үзбей жүргізген күресінің арқасында, бұрын халықтан жасырып келген тарихи шындықтар ашылды. Адамдар өз ойын ашық айта алатын болды. Ел тәуелсіздігі үшін көптеген адамдар құрбан болды.

Кеңес Одағының құрамында болған кезде Қазақстан шет елдермен тікелей байланыс жасай алған жоқ.

Қазіргі Қазақстанды әлем мемлекеттерінің бәрі дәріптей танып отыр. 1992 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүше болды. Қазір БҰҰ-ның зәулім ғимараттарының алдында, әлем мемлекеттерінің туларымен бірге Қазақстанның да аспан түстес көк Туы желбіреп тұр.

Ел тәуелсіздігінің 20 жыл ішінде небір қиындықтардан сүрінбей өтіп, Қазақстан бүкіл әлемдік қауымдастықтағы өз орны, өз беделі бар, абыройлы мемлекетке айналды.

*Диас САЯЖАНОВ,
4 «ә» сынып оқушысы*



ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУ ЕТЕР ЖАЛҒЫЗ КИЕМ



**5-7 СЫНЫПТАР АРАСЫНДА
ӨТКЕН ШЫҒАРМАЛАР
САЙЫСЫНЫ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ
I ОРЫН 7 «Б» СЫНЫП
ОҚУШЫСЫ БЕКЕШ БЕКТАС
II ОРЫН 7 «А» СЫНЫП
ОҚУШЫСЫ ҚАСЫМОВА АЛУА**



Алаш елінің өрендей жас азаматтары азаттық алуға үлкен ат салысты. Ашынған қазақ жастары бодандықтың бұғауынан босауға көтеріліске шықты. Қаншама қазақтың жастары бостандық жолында көз жұмды. Алаш елі аңсаған арманына қаны мен жанын беріп жетті. Қазақстан мемлекеті болып жеке шықты. Өзінің шекарасын, елтаңбасын, туын, әнұранын қалыптастырды. Совет үкіметі қанша жерден жоюға тырысқан қазақтың тілін, дәстүрін сақтап қалды. Осы аталған үш қасиет, үш ошақ. Тілі, діні, дәстүрі ошақтың үш аяғы іспетті. Егер ошақтың бір алғын алып тастасақ, ошақ құлап қалады. Сол секілді осы үш қасиеттің біреуі жойылса, ол мемлекеттің болашағы жарқын болуы екіталай...

Қазақстан мемлекеті кемелденіп, көркейіп күннен күнге өсе берді. Зауыт-фабрикалар салынып, пайдалы қазбалар өндіріле бастады. Каспий теңізінен қара алтын өндірілді. Қазіргі кезде Қазақстан дүниежүзі бойынша вольфром, қорғасын және баридің қоры бойынша бірінші орында тұр. Ал мұнай өндіруден он үшінші орынды иеленді. 2000 жылға қарай мемлекетіміздің жалпы жағдайы біршама көтерілді. Экономикамыз дамыды. Тек Азия емес, күллі әлем танитын елге айналдық. Айымыз оңынан туды. Жеріміз көркейіп, еліміз өсті. Мемлекетіміздің астанасы күннен-күнге ұлғайып, нұрлана берді. Ата-бабамыз тарту еткен тәуелсіздікті біздер осы қалпында келешек ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз.

«Келісіп пішкен тон келте болмас», - деп қазақ атамыз айтып кеткендей, бірігіп қазақ елін талай шыңдардан көрсете білуіміз қажет. Қиын кезеңдерде «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген» аталарымыз секілді біз де тәуелсіз еліміздің тұғырын асқақтата берейік!



Осы шығарманы жазардың алдында бір ой түйдім. Қазақ елі осы тәуелсіздіктің арқасында салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дінін, тілін, рухани байлығын сақтай білді. Біз осы ауыр жүкті үлкен жауапкершілікпен арқалап, биік шыңға жеткізуіміз керек.

Қазақстан тарихымен, тұғырлы елтаңбасымен еңселі, әнұранымен айбатты. Ұлттық рәміздеріміз біздің бейбітшілікте, бірлікте өмір сүруімізді айқындатады. Осы рәміздерді қастерлеу, ол жайлы мағлұматтарды толық білу-әр қазақ баласының парызы.

Қазақ елі гүлдену үстінде. Көптеген өнеркәсіптер, мәдени орындар, мешіттер (діни мекемелер) ашылып жатыр. Президентіміздің арқасында ислам діні елімізде дамып келеді. Қазақтың жастары Алла бұйырған бес парызды орындауға талпынуда.

Бұл біз үшін үлкен мәртебе.

Республика!

Ерікті ел – Қазақстан

Келді ақыры көп күткен жаз алыстан.

Келді алыстан аңсатып,
Торды бұзған мен де бір мез арыстан.

Қазақтың жастары, яғни біз, еліміздің көк туын қолымызға алып, жер жаһанға намысты мемлекет Қазақ елі тұратынын көрсетуге бар күшімізді саламыз.

**Әлішер ЗӘРУБАЕВ,
8а сынып**

**Бектас БЕКЕШ,
7 «Б» сынып оқушысы**



ҚАЗАҚСТАН – ӘН БЕСІГІ ҚАЗАҚТЫҢ



5-9 сыныптар арасында өткен


«МЕНИҢ ҚИЯЛЫМДАҒЫ
МАҒЖАН МЕКТЕБІ»

атты сурет сайысында

I орын алған

7 «А» сынып оқушысы

Игисинава Айғанымның туындысын
газетімізге жариялауды жөн көрдік.
Балапан қыздың қиялындағы еңселі
білім ошағы шындық өмірге айналғай
деген ниеттеміз.



АЙҒАНЫМНЫҢ
ҚИЯЛЫНДАҒЫ
МАҒЖАН МЕКТЕБІ



5-9 сыныптар аралығында «МАҒЖАН ОҚУЛАРЫ» мәнерлеп оқу
сайсының жүлдегерлері

I орын 9 «А» сынып оқушысы Өмірбек Елжас

II орын 7 «Б» сынып оқушысы Әбіш Тұрлан

III орын 9 «Б» сынып оқушысы Есниязов Нұржан



26 қараша күні
«ҚАЗАҚСТАН – ӘН
БЕСІГІ ҚАЗАҚТЫҢ»
атты патриоттық
әндер
байқауы болып өтті.



I орынды
Кеңесбек Ботакөз
II орынды
Қиясова Аида
III орынды
Бигулина Шұғыла
қанжығасына байлады.

Жүйріктерді
жеңістерімен
ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



Қалалық
«Тіл білімінің атасы –
Ахмет Байтұрсынов»
атты байқауда

I дәрежелі дипломмен марапатталған
9 «Б» сынып оқушысы

Ғалым Арғынды
жеңісімен құттықтаймыз!!!



РЕДАКТОРЫ:

МӨЛДІР АЛЬЖАНОВА

ДИЗАЙНЕРЛЕР:

А.ЕЛУБАЕВА, Қ.ҚАЙЫРТАЕВА

АРНАЙЫ КОРРЕСПОНДЕНТТЕР:

А.СЕРІКОВА, Ш.ЖАНАТБЕКОВА.

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Т.ӘБІШ, С.АХМЕТОВА, Қ.ӘБЕНОВА.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 100000, ҚАРАҒАНДЫ

ҚАЛАСЫ, СТЕПНОЙ-4 М/А, 33/2 ҮЙ.

М.ЖҰМАБАЕВ АТЫНДАҒЫ

№39 ГИМНАЗИЯ.

ТЕЛ: 32-68-42,

E-MAIL SHOOL-39 @

KARGOROO.ORG